

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ректорының 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕСЕБІ

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің 2019-2020 оқу жылының білім беру үдерісі академиялық күнтізбеге сәйкес қыркүйек айының 1 күнінен басталып, 2 оқу семестрі бойынша жүргізілді. Өткен оқу жылына салыстырғанда оқу сапасында, білім алушылардың үлгерімінде, тәрбие және ғылым саласында айтарлықтай өсім болғаны байқалды.

I. Білім беру бағдарламалары және оқытушы-профессорлық құрам:

Университеттің оқытушы профессорлық құрамының саны -106. Оның ішінде ғылым докторы-7, PhD-36, ғылым кандидаты-20 және магистр оқытушылар саны -43.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы достықтың алтын көпірі іспеттес. Қазіргі таңда, университетте Мысыр Араб Республикасына келген 19 білікті ұстаз дәріс береді.

2019-2020 оқу жылында университет білім алушыларға 9 білім беру бағдарламасы бойынша сабақ өткізілді.

II. Университеттегі білім алушылардың сипаттамасы:

2019-2020 оқу жылында Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде 1360 бакалавр, 59 магистрант, 42 докторант болып жалпы 1461 білім алушы тәлім алды. Мемелкеттік білім грант иегерлерінің саны баклавриатта -845, магистратурада - 34, докторантурада - 36.

Ағымдағы жылы университеттен 237 түлек бакалавр академиялық дәрежесін алса, соның 61-ы үздік диплом иегері атанды.

2019-2020 оқу жылына бакалавриатқа 500, магистратураға 23, докторантураға 8, жалпы 531 жаңа білім алушы қабылданды. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда 2 пайызға көп.

III. Студенттерді әлеуметтік қолдау:

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің басты бағыттарының бірі – студенттерді әлеуметтік қолдау. Ағымдағы жылы жетім, мүгедек және көпбалалы отбасынан шыққан 23 білім алушыға оқу ақысына жеңілдік жасалды және әлеуметтік жағдайы төмен 139 білім алушыға университет тарапынан демеушілер арқылы оқу ақысы төлеп берілді.

Академиялық ұтқырлық аясында Түркия Республикасының Стамбул университетіне 5 білім алушы, Хитит университетіне 4 білім алушы жіберілді.

IV. Оқу үдерісі:

– Нұр-Мұбарак университетіндегі білім беру мен оқыту үдерісінде толығымен Қазақстан Республикасы Өкімітінің қаулылары мен ҚР Білім

және ғылым министрлігінің бұйрықтары басшылыққа алынды;

– Қысқы емтихан университетте дәстүрлі түрде жазбаша, ауызша және тестілеу формасында өткізілді. Әлемдік пандемия жағдайына байланысты, екінші оқу семестрінің ІІ жартысынан бастап, Қашықтан білім беру технологиясы бойынша сабақ жүргізілді. Қашықтан білім беруде Платонус ақпараттық жүйесі, Класрум (ClassRoom), GoogleForum, Zoom, Сократив (socrative) бағдарламаларымен қатар Telegramm, WatsApp әлеуметтік желілері қолданылды. Студенттердің ұсыныс-тілектері мен арыз-шағымдары уақытында шешім табуы үшін Telegramm мессенджері арқылы сауалнама жүргізілді. Алыс аймақтарды тұратын, интернет желісі нашар студенттер және емтихан тапсырып ҒХ балла алған студенттер үшін 8-13 маусым аралығында қайта емтихан өткізілді.

- Бітүрші түлектердің диплом қорғау үдерісі Zoom бағдарламасы арқылы онлайн жүргізіліп, GoogleForum бағдарламасы арқылы бағаланды.

- Университетіміз қашықтықтан оқыту жүйесінде кейбір қиындықтардың шешімін іздестіруде. Қашықтықтан оқыту жүйесі мен қалыпты білім беру жүйесінің айырмашылықтар бар болғандықтан дәрістерді арнайы жолмен өткізуге және алыс ауылдарда, интернет жоқ жерлерде тұратын білім алушылармен байланыс орнатуды жүйеге келтіруге қажеттілік туындауда. Сондықтан университет басшылығы қазақ және араб оқытушы-профессорлар құрамымен бірге ақылдасып, дәрістерді жүргізуді қашықтықтан білім беру жүйесіне сай етіп әзірлеу үстінде. Қашықтықтан білім беру жүйесін қолдануды алдында тұрған проблемаларды еңсеруге тырысуда.

– Осы жылы университетімізде алғаш рет бірінші курста исламтану мамандығы бойынша ағылшын тобы ашылды. Олардың білім алуға деген ынтасы жоғары.

– Университет келесі жылдан бастап Екі шет тілі: Араб және ағылшын магистратура мен докторантура деңгейлері бойынша білім беруге әзірлік жұмыстарын бастайды. Бұл осы мамандықты бітірген түлектердің білімін жетілдіруді жалғастыру, еңбек нарығының талаптарын орындау мақсатында жасалуда.

V. Университеттің материалдық-техникалық базасы:

2019-2020 оқу жылы материалдық-техникалық базаны дамытуға алдыңғы оқу жылдарымен салыстырғанда көп қаржы жұмсалды, оның ішінде атап өтер болсақ, құрылыс жұмыстарына – 2 440 000 теңге, оқу лабораториялық жабдықтарға – 679 410 теңге, компьютерлік техника және мультимедиялық құралдар алуға – 3 570 988 теңге, кафедралар сұранысы бойынша кітапхана қорын жаңартуға бөлінген қаржы – 16 606 теңге.

VI. Университеттің қоғамға қызметі:

– Университет діни экстремизмге қарсы күрес орталығы арқылы экстремизм құрығына түскен кейбір жастардың қате түсініктерін түзетуге қатысады.

- Университет мамандарынан құрылған жұмыс топтары Қазақстан аймақтарына сапар шегіп, ислам жайлы қалыптасқан теріс пікірлерді дұрыстауға, бейбітшілік пен тынышқтықты қолдайтын дін екенін насихаттауға үлес қосуда.

- Университет тарапынан шыққан діни ақпараттық материалдар мен діни әдебиеттер Қазақстанның діни тұрақтылығын сақтауда, дәстүрлі діни құндылықтарды насихаттауға үлкен үлесін қосуда.

VII. Университеттің тәрбие жұмыстары:

– Нұр-Мұбарак университеті студенттерге білім беруде тәрбиеге үлкен мән береді. Бір-бірімен және қоғаммен қарым-қатынаста дұрыс тәрбиелік құндылықтарды үйретеді. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды қастерлеп, отан сүйгіштікке бағыттайды. Бұл білім берудегі жалпы маңызды бағдар.

VIII. Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша:

– Университет оқытушы-профессорлар құрамының ғылыммен шұғылдануға ынталандырады. Жаңа ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге Ғылыми кеңес мақұлданып қабылданған жылдық жоспар әзірлеп, кафедраларға бағыт-бағдар береді.

Университетті дамыту жұмыстары әлі де жалғасын табуда.

Биылғы жылы университет тарапынан 23 еңбек баспадан шықты. (Оқу құралы -13, монография – 5, аударма -2, танымдық әдебиет -3).

IX. Университеттің ағымдағы жылы жеткен жетістіктері:

- Ағымдағы жылы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті институтаналдық аккредиттеуден сәтті өтті.

- «Исламтану» және «Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламалары мамандандырылған аккредиттеуден өтті;

- Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі жүргізген жоғары оқу орындар арасында «ҚР сұранысқа ие жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингісі – 2020» жобасы бойынша Нұр-Мұбарак университеті Қазақстан бойынша қатысқан 89 университеттер арасынан алғашқы ТОП-20 үздік университеттер қатарында енді.

- «B033 – Дін және Теология» білім беру бағдарламалар тобы 3 мамандық бойынша 1 орын иеленді;

- «M051 – Дін және Теология» білім беру бағдарламалар тобы 1 орын иеленді;

- «M052 – Исламтану» білім беру бағдарламалар тобы 1 орын иеленді;

- «D051 – Дін және Теология» білім беру бағдарламалар тобы 1 орын иеленді;

- «D052 –Исламтану» білім беру бағдарламалар тобы 1 орын иеленді.

Университет ректоры

проф. Мухаммед Әл-Шахат әл-Жинди